

"Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу және "Елорданың, республикалық маңызы бар қаланың, облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың рейтингтері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 500 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 776 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.02.2016 № 190 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 44, 648-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Барлық деңгейдегі әкімдер жыл сайын, бірінші тоқсан ішінде халыққа есеп беру кездесулерін өткізіп, олардың барысында елде жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылуы, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өткен жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, оны одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары туралы хабардар етсін.»;

2 - тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мүдделі мемлекеттік органдардың статистикалық деректер негізінде, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әлеуметтік-экономикалық және индустриялық-инновациялық даму деңгейі мен серпініне талдау жүргізуін қ а м т а м а с ы з е т с і н . » .

2. «Елорданың, республикалық маңызы бар қаланың, облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың рейтингтері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 500 Жарлығының

күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК